

“Роуминг – Visa премиум карталарының иелеріне арналған қызмет” АКЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ресми анықтамалар

Банк – Қазақстан Республикасында, Беларусь Республикасында, Өзбекстан Республикасында, Молдова Республикасында, Сербия Республикасында, Грузияда, Қырғыз Республикасында, Арменияда, Әзірбайжан Республикасында (тек АBB Bank) берілген банктік лицензияға негізделген және банктік қызмет көрсетуге айрықша құқығы бар заңды тұлға

Атқарушы – HighPass Europe OÜLLC, заңды тұлғаны сәйкестендіру коды: 14732451, орналасқан жері: Vahulille tee 6/2-35, 12015 Таллинн, Эстония. Атқарушының ақпараталу үшін хабарласуға болатын байланыс көзі: электронды почта office@highpass.aero, телефон +372 514 6527 немесе осы Ережелердің шарттарына сәйкес басқа жолмен.

Карта иелері – осы Ережелердің талаптарына сәйкес Роуминг қызметін алуға құқығы бар жеке тұлғалар, Visa Platinum, Visa Signature және Visa Infinite карталарының иелері

Тапсырыс беруші – “Виза Интернешнл Сервис Ассоциейшн”, мекенжайы: АҚШ, СА 94404 – 2775, Фостер-Сити қаласы, Метро Сентер желек жолы, 900.

Мессенджер – жедел хабарлама және видео алмасуға арналған мобильді қосымша (қосымша), атап айтқанда Viber, Telegram, WhatsApp.

Ұйымдастырушы – «ИНФОКУС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ, заңды тұлғаны сәйкестендіру коды: 36563986, орналасқан жері: 01023, Киев қаласы, Спортивная алаңы, үй 1А.

Ережелер – акцияның осы ережелері.

Промокод – Карта Иесіне Роумингті пайдалануға мүмкіндік беретін бірегей таңбалар жиынтығы

Жарамды мерзім – 15.02.2024 жылға дейін, егер Ұйымдастырушы басқа мерзімді көрсетпесе.

Роуминг – көлемі 3 гигабайт роуминг топтамасы, әлемнің 193 елінде әрекет етеді.

Чат-бот – Мессенджерлердегі “VisaConcierge” чат-боты, сілтемесі https://mssg.me/concierge__service

Осы Ережелерде түсіндірілмеген басқа барлық терминнің анықтамасы Украинаның қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықтамаға ие.

1. Акцияға қатысу тәртібі

1.1. Роумингті алу үшін Карта иесі:

1.1.1. Картаның шын мәніндегі иесі блуы тиіс;

1.1.2. Чат-боттың мәзірінде «Роуминг» пернесін басу керек;

1.1.3. осы Ережелермен танысуы қажет;

1.1.4. карточкада Роумингтің қолжетімділігін тексеру.

1.2. Осы Ережелер Карточка иесі мен Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші/Орындаушы арасындағы ресми қарым-қатынастың негізгі құжаты. Карточка иесінің осы Ережелердің талаптарын акцепт жасауы оның осы Ережелердің 1.1.1-1.1.4-тармақтарында көрсетілген әрекеттерді дәйекті түрде жасауы арқылы жүзеге асырылады. Атқарушының роумингті ұсынуда өзіндік қосымша ережелері/талаптары болуы мүмкін, бірақ олар осы Ережелерден бөлек болмауы керек. Карта иесі осындай келісімнің ережелерімен/талаптарымен және салдарымен келісу туралы шешімді дербес қабылдайды.

1.3. Карта иесі акцепті ерікті түрде жүзеге асырады және Украина Азаматтық Кодексінің 642-бабының 2-тармағына сәйкес осы Ережелердің талаптары бойынша жазбаша шарт жасасуды білдіреді. Ережені ішінара акцептеуге жол берілмейді

2. Роумингті алу тәртібі

2.1. 1.1.1-1.1.4-тармақтарда көрсетілген әрекеттерді сәтті орындағаннан кейін (егер Роуминг қолжетімді болса) Карточка иесіне осы Ережелерде қарастырылған лимиттерді ескере отырып, Промокод беріледі.

2.2. Картаның түріне сәйкес, жарамды кезеңдегі роумингтің лимиттері

Картаның түрі	Промокод саны
Visa Platinum	1 (бір)
Visa Signature	2 (екі)
Visa Infinite	3 (үш)

2.3. Visa Signature және Visa Infinite Карталарының иелері Роумингті алдын ала пайдаланғаннан кейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен бұрын қызметті алу үшін Промокодты пайдалана алмайды

2.4. Алынбаған Роумингтің орнына қандай да бір ақшалай өтемақы қарастырылмаған.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Картаның иесі ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығына Украинаның қолданыстағы заңнамасында қарастырылған деңгейде жауап береді

3.2. Барлық Шағымды Карта иесі Атқарушыға немесе Ұйымдастырушыға тікелей ұсынуы керек. Карта иесі Тапсырыс берушіге шағым бере алмайды. Мұндай шағым сапасыз қызмет көрсетуді (нақты негіздемемен) және дәлелдемелерге нақты сілтемелерді қамтуы тиіс, әйтпесе шағым қарауға қабылданбайды. Егер ұйымдастырушы басқа жағдайды көрсетпесе, Шағымды Атқарушы түпкілікті қарастырады

3.3. Жоғарыда көрсетілген ескертпелерсіз және заңнама ережелерін орындамауды мақсат тұтпай, Ұйымдастырушы және/немесе Тапсырыс беруші кез келген мүлікке немесе тұлғаға келтірілген қандай да бір залал үшін, сондай-ақ қызметтердің Карта иесінің немесе үшінші тұлғалардың ойлағанына сәйкес келмегені үшін жауапты болмайды.

3.4. Ұйымдастырушы және/немесе Тапсырыс беруші Роумингті ұсынудың нысанасы, сапасы, саны мен мерзімі үшін жауапты емес және Карта иесі мен Атқарушы арасындағы Роумингті алу туралы шарттың тарабы емес.

3.5. Карта иесі Телемедицина Сервисінің кез келген элементін "сол қалпында" оларды алған күнгі жағдай бойынша өзектілігін ескере отырып қабылдайды

3.6. Карта иесінің немесе үшінші тұлғалардың жағдайының өзгеруін ескере отырып, кеңес өзекті болып табылады және оларды жасау және ұсыну күніндегі жағдай бойынша, сондай – ақ консультацияда көрсетілген ұсынымдар консультация шарттарына сәйкес қолданылатын болып табылатын уақыт кезеңі ішінде қолдануға ұсынылады

4. Басқа ережелер

4.1. Ұйымдастырушы осы Ережелер шеңберіндегі міндеттемелерді орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

4.2. Осы Ережелерді, Ережелермен реттелмеген кез келген даулы сұрақтарды және/немесе мәселелерді екіұшты түсіндіруді көздейтін жағдай туындаса, Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші осындай мәселелерді шешуді өзіне қалдырады. Ұйымдастырушының/Тапсырыс берушінің мұндай шешімі түпкілікті және шағымдануға жатпайды

4.3. Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші ережелерді өзгертуге құқылы. Бұл ретте өзгерістер мен толықтыруларға қатысты хабарлама чат-боттта жарияланады. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар, егер осы Ережелерде өзгерістермен/толықтырулармен басқа жағдай қарастырылмаса, олар жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді

4.4. Украинаның қолданыстағы заңнамасының ережелерімен тиісті міндет жүктелген тұлға салықтарды, алымдарды және міндетті төлемдерді төлейді

4.5. Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші Карта иесі мен Атқарушы арасындағы Роумингке қатысты дауға араласпайды.